"GREEN TERRA"
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
БИН 050940015653 г.Шымкент, Микрорайон СЕВЕРО-ВОСТОК, 210
ИИК банка: KZ9277490KZ220317937, БИК банка: LARIKZKA,
Наименование банка: АО "AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)"
E-mail: too_grt@mail.ru
+77776797948, +77075797948

Шығ.№ 8
08.07.2019 ж.

ҚР Қаржы Министрлігінің Ішкі
Аудит РМБ комитетіне
«GREEN TERRA» директоры
С.А.Айнабаевтан

«**GREEN TERRA**» ЖШС, ұйымдастырушы **"Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны"** ММ болып табылатын Мемлекеттік сатып алу порталының № **3369965-1 Гараж жөндеу және №3369962-1 Үй жайларды жөндеу** бойынша ашық конкурсына қатыстық. 05.07.2019 жылы аталмыш конкурстар бойынша қорытындылар туралы хаттамалар шықты.

№ 3369962-1 бойынша «**АНАР-АСЕМ"** », «**ANTS & CO.**», «**GREEN TERRA" (ГРИН ТЕРРА)**» **"СтройАзияСервис-СК", "ТЭС" ЖШС, "Спец Тех-1" ЖШС**-тері конкурсқа қатысқан. Аталмыш конкурстар бойынша **"СтройАзияСервис-СК"** ЖШС және**"Спец Тех-1" ЖШС рұқсатама беріліп, жіберілген, қалған кәсіпорындар заң талаптарына сай емес деп өткізілмеген.** Жеңімпаз ретінде **"Спец Тех-1" ЖШС танылған.**

№ **3369965-1 конкурсы бойынша** «**АНАР-АСЕМ"** », «**ANTS & CO.**», «**GREEN TERRA" (ГРИН ТЕРРА)**» **"СтройАзияСервис-СК", "ТЭС" ЖШС, "Спец Тех-1", "MEGA-БЕН Строй" ЖШС**-тері қатысқан. Бұл конкурс бойынша тағы да **"СтройАзияСервис-СК" ЖШС** және**"Спец Тех-1" ЖШС рұқсатама беріліп, жіберілген, жеңімпаз ретінде "СтройАзияСервис-СК" ЖШС** танылған.

ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсаны №434-V ҚРЗ бойынша Мемлекеттік сатып алу туралы Заңына сәйкес ұйымдастырушылар тарапынан үлкен қателіктер мен жауапсыздықтың салдарынан конкурс Заң бұзушылыққа алып келіп соққан.

Мемлекеттік сатып алу жұмыстары ретінде **ағымдағы жөндеу жұмысы** қарастырылған, алайда сұратылған техникалар көпшілігі құрылыс саласындағы техникалар болып саналады. Сметалық-жобалық құжаттарда көрсетілген құрылыс саласындағы техникалардың жұмыс істеу уақыты көпшілігі 20 минутқа да жетпейді, ауыр арнайы техника жасайтында бұл жерде күрделі жұмыста жоқ.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының (бұдан әрі – Заң) 9-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес:

мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының болуы туралы талап қойылған.

Мемлекеттік сатып алу Заңның 9-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілгендей:

1) мемлекеттік сатып алуға әлеуетті өнім берушілердің қатысуын шектейтін және негізсіз күрделендіретін;

2) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау қажеттігінен тікелей туындамайтын біліктілік талаптарын белгілеуге жол берілмейді.

3) Әлеуетті өнім беруші өзінің осы бапта белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген тиісті құжаттарды ұсынады деп анық жазылған.

Жеңімпаз болып табылған "СтройАзияСервис-СК" ЖШС рұқсаттама қағазы (лицензиясы) бола тұра, мәліметтерды толық болмасада толтырып жіберген, ал "Спец Тех-1" ЖШС ешқандай мәлімет толтырмай рұқсаттама қағазымен өтіп отыр.

Қатысып отырған кәсіпорындардың барлығыда рұқсаттама қағазын салған, алайда ұйымдастырушы тараптан осы екі кәсіпорынды жіберіп, қалғандарын құлатуы барып тұрған Заңсыздық.

Орта және ағымдық жөндеу жұмыстары бойынша жасалған жобалық-сметалы құжаттар қандай СНИП-ке бағынып жасағаны түсініксіз және күрделендіретін талаптарды нақты қайдан алынғаны белгісіз.

Конкурстық құжаттамаға 5-қосымшаның ескертуінің 1-тармағына сәйкес материалдық және еңбек ресурстарының болуы бойынша талаптар құрылыс (жаңа құрылыс, кеңейту, техникалық қайта жарақтандыру, жаңғырту, қайта жаңарту, қалпына келтіру және қолданыстағы объектілерді күрделі жөндеу), техникалық-экономикалық негіздемені, жобалау-сметалық құжаттаманы және қала құрылысы жобаларын әзірлеу бойынша жұмыстарды мемлекеттік сатып алуға қолданылмайды.

Құрылыс-монтаж жұмыстарына тиісті рұқсаты (лицензиясы) бар және қолданыстағы объектілерді ағымдағы жөндеу жөніндегі жұмыстарды мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім берушілер конкурстық құжаттамада көзделген материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес деп танылады.

- Тармақшасына сәйкес. Құрылыс салуды ұйымдастыру және құрылыс саласында рұқсат беру рәсімдерінен өту қағидаларын бекіту туралы "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы №750 бұйрығының 4-т.:

- тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы;
- инженерлік желілерді қоса алғанда, коммуналдық мақсаттағы;
- автомобиль және темір жолдар және олардың инфрақұрылымы;
- Әуе және су көлігі;
- көпірлер, жол өтпелері, тоннельдер, өнім құбырлары және инженерлік құрылыстары бар электр беру желілері;
- Телекоммуникациялық және ғарыштық байланыс;
- атом энергетикасына арналған ғимараттар мен құрылыстарды қоса алғанда, энергетиктер;
- өндіру өнеркәсібіне арналған ғимараттар мен құрылыстарды қоса алғанда, өнеркәсіп;
- ауыл шаруашылығы, Су шаруашылығы, ирригациялық және (немесе) гидротехникалық мақсаттағы;
- қорықтарда, қорықтарда, балық питомниктерде, орман, аңшылық және басқа да алқаптарда тұрғын, өндірістік және қосалқы-шаруашылық мақсаттағы;
- әскери қалашықтарда және арнайы әскери технологиялық кешендерде.

Объектілерге сондай-ақ қайта жаңарту, қайта жоспарлау, қайта жабдықтау жүргізу көзделіп отырған қолданыстағы ғимараттардың (құрылыстардың) үй-жайлары (жекелеген бөліктері) жатады.

Ұйымдастырушы тарапына алдын-ала қорытындысы бойынша конкурс мүшелеріне арнайы хат жазып, Заңсыздыққа жол бергенін мәлімдегенбіз. Тағы бір айта кететін жайт, конкурс комиссия мүшелері, **Бас мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі мүлде есепке алмаған, Шартты жеңілдік мөлшері 3% көрсетілген.** Алайда кәсіпорынның жұмыс саласында өтілі кемінде 10 жыл деп есептеледі. Құрылыс саласында істеген кәсіорынның жұмысын жоққа шығарғаны мүлде түсініксіз.

Ұйымдастырушы тарап **ҚР Мемлекеттік Сатып алу Заңының 9-бабы, «Әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілікті»** талаптарын толығымен бұзып отырғандығын көреміз.

Осыған байланысты конкурстың қорытындысы қайта қарап шығып, Заңды шешім қабылдауларыңызды сұраймыз.

Директор С.А.Айнабаев